Мың жасаған шаһардың шамшырағы

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

# АЛМАТЫ АҚШАМЫ

Газет 1988 жылдың
1 шілдесінен бастап шығады

№75 (5268),
23 маусым, бейсенбі, 2016 жыл.

almaty-akshamy.kz E-mail: almaty-aksham@mail.ru

ISSN 2223-2370

9 772223 237006

ҚАЛА-ҚАРБАЛАС 2

Әкімдік тұрғын үй ақысын қасақана төлемей жүргендерді қорғамайды

«АҚШАМ» ЖӘНЕ АҒАЙЫН 9

Балалар алаңқайының жартысын автотұрақ иеленген

ТАҢСЫҚ ТАҚЫРЫП 11

БИЛІК БАСПАЛДАҚТАРЫ

17

Almaty

АҢЫЗ АЛМАНЫҢ АҚИҚАТЫ

## АЛМАТЫДА 3 САҒАТТЫҢ ІШІНДЕ БІР АЙЛЫҚ ЖАУЫН ЖАУДЫ

Соңғы рет мұндай жалпы мөлшерден ауытқыған жағдай 1957 жылы болған





# ӨЗ КӘСІБІНІҢ ҮЗДІКТЕРІ

**«Алматытелеком» ӨТД мамандары республикалық кәсіби біліктілік конкурсынан жүлделі оралды**

**«Қазақтелеком» АҚ өткізген республикалық конкурсқа елдің әр өңіріндегі 15 филиалдан үздік кәбілші-дәнекерлеушілер қатысқан. Кәсіби біліктілік конкурсының мақсаты – телекоммуникация саласындағы талшықты-оптикалық кәбілдерді дәнекерлеуші мамандардың кәсіби деңгейін көтеріп, аталмыш мамандық иелерін ынталандыру. Елбасы тапсырмасында айтылғандай, кәсіби-техникалық жұмысшы мамандығының беделін асырып, насихатын кеңейту.**



Қазақстанның бас байланысшысы «Қазақтелеком» АҚ-ның әр аймақтан келген 30 үздік маманының арасындағы конкурс «Талшықты-оптикалық кәбілдің ең үздік кәбілші-дәнекерлеушісі» деп аталды. Республикалық конкурстың регламенті бойынша әрбір қатысушы белгіленген уақытта практикалық жұмыс көрсетіп, талшықты-оптикалық кәбілді дәнекерлеуі қажет.

Конкурстың теориялық бөлімінде мамандар талшықты-оптикалық байланыс желісін пайдалануға байланысты сұрақтарға жауап беріп және қауіпсіздік техникасы мен еңбек қорғау бойынша білім деңгейін көрсетулері керек.

Біліктілік конкурсына «Алматытелеком» ӨТД-нен «Шығыс» бөлімшесінің кәбілдік желіде қызмет көрсету цехының 7-санаттағы кәбілші-дәнекерлеушілері Мұрат Бұхарбеков пен Дмитрий Масюченко қатысты. Жоғары деңгейде ұйымдастырылған конкурста «Алматытелеком» өкілдері жүлделі 2-орынды иемденді.

Бірінші бәйгені «Астанателеком» кәбілші-дәнекерлеушілері алып кетті. Республикалық конкурста «Қазақтелеком» АҚ-ның 15 филиалының арасында жүлделі екінші орынды иеленіп, Алматыға оралған жігіттерді «Алматытелеком» ӨТД техникалық директорының орынбасары Берік Төлепов жеңісімен құттықтады.

**Диана САБРАЛИЕВА,**
**«Алматытелеком» ӨТД.**

# УШАКОВАНЫҢ ШЕБЕРЛІК СЫНЫБЫ

**Алматының акушер-гинекологтары мен жатырдағы нәрестенің денсаулығын алдын-ала болжауға мүмкіндігі бар ультрадыбыстық диагностикалау саласы мамандарының біліктілігін арттыруға мүмкіндік берді.**

Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымына ультрадыбыстық диагностикалау саласы бойынша, әсіресе, жатырдағы ұрықтың алғашқы даму кезеңдерінде тұқым қуалайтын аурулар мен туабітті жүрек талмасы ауруын анықтаудың көрегені атанған Лондонның медицина университеті жанындағы колледж ауруханасының медициналық ұрық бойынша дәрігер-эксперті, акушерлік-гинекологиялық сала бойынша ультрадыбыстық диагностикалаудың Халықаралық қоғамының ресми өкілі Фред Ушакованың тәжірибесі алматылық акушер-гинекологтар үшін туабітті және тұқым қуалайтын ауруларды алдын-ала анықтаудың жаңа тәсілдерін игерулеріне мүмкіндік берді.

Шеберлік сыныбын өткізумен қатар, Алматы қаласы денсаулық сақтау саласының ана мен бала денсаулығын жақсарту бағытында атқарып отырған жұмыстарына, әсіресе, 500 гр. салмақпен шала туған нәрестелерді жетілдірудегі, туабітті жүрек талмасына ерте кезеннен ота жасау тәжірибелеріне жоғары баға берді. «Өткен жылы туабітті жүрек талмасы мен тұқым қуалайтын аурулардың салдарынан болатын өлім-жітім саны 11,3 пайызға төмендегенмен, бұл мәселенің өзектігі жойыла қойған жоқ», – дейді алматылық дәрігерлер.

Дейтұрғанмен, Ф.Ушаковадан алған іс-тәжірибе бұл бағыттағы ізденістерді арттыра түсері анық.

# АҚ ХАЛАТТЫ АБЗАЛ ЖАНДАРҒА!

*Өмірлері де, көңілдері де – ақ қардай,*
*Дәрігерлерім, мінезі жібек, мақпалдай.*
*Өздерің барда тіршіліктегі бар жандар,*
*Дертіне дауа, еміне шипа тапқандай.*

*Өздеріңменен өмірдің өзі мәндірек,*
*Өздерің барда еседі нұр боп таңғы леп.*
*Дәрігерлерім, ажалдың арашасындай,*
*Емдеріңменен сауығар мәңгі жан жүрек.*

*Дәрігерлерім, сендер де батыр тұлғасың,*
*Сын сағаттарда тағдырға тігер бір басын.*
*Сендерді нағыз қайсар десек те болады,*
*Адамдар үшін ажалға қарсы тұрғасын.*

*Тоқтамай, талмай жедел жәрдемің күні-түн,*
*Ауырып жатқан жандардың жаққан үмітін.*
*Дәрігерлерім, сендердің арқаң барлығы,*
*Дәрілерімен ашатын жүрек тынысын.*

*Арайлы таңы еңбекпен күлін ататын,*
*Қаралған науқас жазылып кетіп жататын.*
*Ғалым да, хан да, ақын да тұрып бас иген,*
*Жасаса мәңгі – Дәрігерлерім жасасын!..*

**Жазира БАҚАЕВА,**
**Ұйғыр ауданы, Тиірмен ауылы.**

# ЕСЕП ЖӘНЕ АУДИТ МАМАНДАРЫНЫҢ САПАСЫ АРТУДА

Академик Ғ.Мұтанов басқарған әл-Фараби атындағы университет QS халықаралық 800 топ университет арасында 274-орынға көтерілгенін және Аккредиттеу және рейтингтік тәуелсіз агенттігі анықтаған Экономика және бизнес жоғары мектебінің «Есеп және аудит» бакалавриат және магистратура мамандығы бойынша 2015 жылғы АРТА рейтингіне қатысушы жоғары оқу орындары арасында бірінші орын алғанын және арнайы сертификатпен марапатталғанын, «Есеп және аудит» кафедрасының қазақ және орыс топтарымен қоса ағылшын тобына да дәріс оқылып, тәжірибелік сабақ жүргізіліп, еліміздің үш тұғырлы тілді дамыту саясатына үлес қосып келе жатқанын бұрын да жазған едік. Университеттің көтерілген сатысында нық тұруы, Аккредиттеу және рейтингтік тәуелсіз агенттігінің 2016 жылғы қорытындысы бойынша «Есеп және аудит» мамандығы бакалавриат және магистратура бойынша екінші жыл қатарынан үздік деп танылуы, әл-Фараби атындағы университет Экономика және бизнес жоғары мектебі мен «Есеп және аудит» кафедрасы ұжымының сапалы маман дайындауда сіңірген қажырлы еңбегінің жемісі деп білеміз

Биылғы оқу жылында «Есеп және аудит» мамандығын бітірген түлектердің ішінде ағылшын тілінде алғаш рет шағын топтың жарқын ісінің жемісі. Ағылшын тілінде маман дайындауда оқытушылар құрамын қалыптастыру – кезек күттірмейтін, жедел шешуді талап ететін бүгінгі күннің басты мәселесі. Яғни, ағылшын тілінде дәріс оқып, семинар сабақтарын жүргізетін оқытушылар құрамын отандық мамандардан қалыптастыруды қамтамасыз ету, енді ғана бастау алған, түбегейлі шешуді қажет ететін өте маңызды, өзекті мәселе болып табылады. Бұл бағыта университет тарапынан жүргізіліп жатқан жүйелі жұмыстар мен салынған қаржылар нәтижесін беріп келеді. Университет бітірген түлектер «Болашақ» бағдарламасымен Лондон қаласында екі жыл магистатурада оқып, магистр академиялық дәрежесімен оралған А.Тоқтабаеваның, магистратураны бітіргенен кейін біраз жыл өндірісте мамандығы бойынша жұмыс істеп, компанияның бас бухгалтері лауазымына дейін көтерілген, тәжірибе мен теориялық білімді ұстаздық қызметпен ұштастырған «Есеп және аудит» кафедрасында екі жыл аға оқытушы болып ұстаздық қызмет атқарарған соң доктарантураға түсіп, ұстаздық қызметін жалғастырған PhD докторанты Ғ.Әлімбекованың еңбегі атап айтуға тұрарлық

«Есеп және аудит» кафедрасы құрылғанынан бері жылына орта есеппен бакалаврды 120 – 150, ал магистратураны 15 – 20 түлек бітіріп шығады. Жақын болашақта кафедра ағылшын тобын бітірушілердің санын 20-25-ке жеткізуді межелеп отыр. Оған қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде сабақ жүргізетін магистатураны бітірген, доктарантурада оқуын жалғастырып жүрген жастардың есебінен қол жетізуге «Есеп және аудит» қафедрасының әлеуеті де, мүмкіндігі де жетеді деп ойлаймыз.

**А.БАЙДІЛДИНА,**
**«Есеп және аудит» кафедрасының меңгерушісі.**
**М.БАЙДӘУЛЕТОВ,**
**экономика ғылымдарының докторы, доцент.**
**Қ.ӘКІМБАЕВА,**
**доцент.**



«С» тобының жеңімпазы қатар өткен қос ойында анықталды. Қос көшбасшыда да 7 ұпай болғандықтан, олардың нақты орнын доп айырмасы шешті: сөйтіп, қарсыласынан бір гол артық енгізген немістер – 1-орынға, ал поляктар 2-орынға табан тіреді. Солтүстік Ирландия 3-орынға ие болды.

Қазірдің өзінде 1/8 финалдың екі жұбы анық. 25 маусымда Швейцария мен Польша, ал 27 маусымда Италия мен Испания ойнайды. Қалған жұптар кеше түндегі кездесулерден соң анықталды. Оның толық кестесін газетіміздің келесі санында жариялаймыз.

**«В» ТОБЫ**
**Словакия – Англия – 0:0**
**Ресей – Уэльс – 0:3**
**Голдар:** Рэмзи, 11 (0:1). Тэйлор, 20 (0:2). Бэйл, 67 (0:3).
**«С» ТОБЫ**
**Украина – Польша – 0:1**
**Гол:** Блащиковски, 54.
**Солтүстік Ирландия – Германия – 0:1**
**Гол:** Гомес, 30.
**«D» ТОБЫ**
**Чехия – Түркия – 0:2**
**Голдар:** Бурак Йылмаз, 10 (0:1). Озан Туфан, 62 (0:2).
**Хорватия – Испания – 2:1**
**Голдар:** Мората, 7 (0:1). Н.Калинич, 45 (1:1). Перишич, 87 (2:1).
**«Е» және «F» топтарындағы соңғы ойындар кеше түнде өтті.**

**Әзірлеген – Сәкен СЫБАНБАЙ.**

14 жасында жазған «Менің портретім» атты өлеңі де осы ойдан алыстамайды.

Пушкин 10-12 жасында, әлі лицейге түспей тұрғанда алғашқы өлең жолдарын француз тілінде жазыпты. Үлкен әпкесі Ольга естелігінде осылай дейді. Ольганың айтуынша, оның әкесі мен ағасы да француз тілін жетік білген.

Аңызға сенсек, Михайловскіде айдауда жүрген ақын декабристер көтерілісі болардан екі күн бұрын ғайыптан Санкт-Петерборга жолы түседі. Сонда оның жолын қоян кеседі де, бұл кері қайтуға мәжбүр болады. Ал енді жұрт арасына кең тараған әңгімеде Пушкин егер қоян алдын кеспегенде жолдастарымен сенат алаңын-

ағзам, император Николай І болған. Ақын өз хатында әйеліне патшамен ашық әңгімеге, қатынасқа жол бермеуін өтінген көрінеді. Алайда, ақынның өзіне жеткен әңгімелер, іштi өртеген қызғаныш оның Дантеспен дуэльге шығуымен аяқталған. Алайда, дуэльге Дантес бронежилет киіп шықты дегені расталған жоқ.

# Савченко сайран салып жүр



Ресей түрмесінен таяуда ғана босап шыққан Надежда Савченко Страсбургке бара жатқан ұшақта сайран салды. Қанша жерден заңсыз десеңіз де, бұл кісі Ресей түрмесінде отырғанда Еуропа кеңесі парламентінің ассамблеясына Украинадан депутат болып сайланып кетіпті. Кейбір сарапшылар бұл әрекетті Ресейді тұқыртудың бір жолы деп есептейді екен.

Жарайды. Алайда, түрмеден буырқанып шыққан Савченко қазір әр түста кәрі бурадай жынын шақырып, түрлі мінез көрсетін жүр. Страсбургке алғашқы сапарын ол ұрыс-керіспен бастады. Депутат стюардессадан бір бөтелке виски әкелуін талап етті. Стюардесса оның бұл әрекетіне қарсылық көрсеткенімен, ол «менің кім екенімді білмейсіңдер ме?» деп тулады. Парламент ассамблеясында «дөңгелек үстелге» қатысып, екі минөт сөйлеуге тиісті Савченко мұнымен шектелмейтін тәрізді. Қызықтың көкесі әлі алда дейді сарапшылар.

# Ең қымбат велосипед



Сіз қалай ойлайсыз? Ең қымбат велосипед қанша тұрады? Көп болса мың доллар, жарайды, 2 мың доллар тұратын болар. Мүмкін, миллион доллар шығар. Шығар емес, рас, ондай велосипед бар, әзірге 13 данасы ғана шығарылды. «House of Solid Gold» компаниясы велосипедті таза алтын, жауһардан жасап шығарған. Отырғышы, тұтқасы, тіпті, суға арналған бөтелкесінің өзі таза қолтырауынның терісінен жасалған. Тауға арналған велосипедті жасауға шеберлер 700 сағат уақытын жұмсаған.

**Әзірлеген – Қ.ИМАН.**


*Шығарушы – «Алматы ақшамы» газеті жауапкершілігі шектеулі серіктестігі*

АЛМАТЫ АҚШАМЫ

ДИРЕКТОР – БАС РЕДАКТОР
**Қали СӘРСЕНБАЙ**

Бас редактордың бірінші орынбасары – **Әнуарбек ӘУЕЛБЕК**
Бас редактордың орынбасары – **Төрехан ДАНИЯР**
Бас редактордың орынбасары-жауапты хатшы – **Бақыт ОЙСА**

Қабылдау бөлмесі - 292-66-50.Факс - 292-66-48.
E-mail: almaty-aksham@mail.ru

**Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.**
**НӨМІРДІҢ ТАРАЛЫМЫ - 11340**

**Кезекші редактор – Рая ЕСКЕНДІР**

● Газет «Алматы ақшамының» компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты.
● Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.
● Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді.
● Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп, тіркеу туралы №13246-Г куәлігі 24.12.2012 жылы берілген.
● Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел:273-12-04, 273-12-54. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

Мекен-жайымыз: Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.